

**"Құтқарушыларды аттестаттау және қайта аттестаттау қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 11 шілдедегі № 507
бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 21 маусымдағы № 297 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 1 шілдеде № 23232 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Құтқарушыларды аттестаттау және қайта аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 11 шілдедегі № 507 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17233 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Құтқарушыларды аттестаттау және қайта аттестаттау қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Аттестаттауды өткізу тәртібі";

5-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075/у нысанындағы медициналық анықтамамен расталған медициналық куәландыру;"

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Мерзімді аттестаттаудың қорытындысы бойынша мынадай сыныптылық беру жүргізіледі:

1) "3-сыныпты құтқарушы маман" құтқарушы ретінде кемінде үш жыл жұмыс өтілі бар және дене шынықтыру даярлығы бойынша "жақсы" бағасынан төмен емес шекті нәтижелерге қол жеткізген құтқарушыға беріледі;

2) "2-сыныпты құтқарушы маманы" 3-сыныпты құтқарушы ретінде кемінде үш жыл жұмыс өтілі бар және дене шынықтыру даярлығы бойынша "жақсы" бағасынан төмен емес шекті нәтижелерге қол жеткізген құтқарушыға беріледі;

3) "1-сыныпты құтқарушы маманы" 2-сыныпты құтқарушы ретінде кемінде үш жыл жұмыс өтілі бар және дене шынықтыру даярлығы бойынша "жақсы" бағасынан төмен емес шекті нәтижелерге қол жеткізген құтқарушыға беріледі;

4) "халықаралық сыныпты құтқарушы" 1-сыныпты құтқарушы ретінде кемінде үш жыл жұмыс өтілі бар, қызметтің барлық кезеңінде халықаралық құтқару жұмыстарына немесе Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде кемінде үш рет оқу-жаттығуларға қатысқан және дене шынықтыру даярлығы бойынша "жақсы" бағасынан төмен емес шекті нәтижелерге қол жеткізген құтқарушыға беріледі.

Ескертпе:

Халықаралық құтқару жұмыстары – Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде адамдарды, материалдық және мәдени құндылықтарды құтқаруға, ТЖ аймағындағы табиғи ортаны қорғауға, ТЖ-ны оқшаулауға және адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін қауіпті әсерлерді басуға немесе ықтимал ең төменгі деңгейге дейін жеткізуге бағытталған іс-әрекеттер;

Халықаралық құтқару оқу-жаттығулары – бұл құтқару бөлімшелерінің өзара іс-қимылы мен әзірлігі деңгейін арттыруға байланысты дайындық іс-шаралары, сондай-ақ авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу процесінде пайдаланылатын тактикалық дағдыларды жетілдіру.";

осы Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 6-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Төтенше жағдайларды жою департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі

Ю. Ильин

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
2021 жылғы 21 маусымдағы
№ 297 бұйрығына
1-қосымша

Құтқарушыларды аттестаттау
және қайта аттестаттау
қағидаларына
I-қосымша

Дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтер ерлерге арналған

№	Жаттығудың атауы	Бағалау	Медициналық-жас топтары					
			I	II	III	IV	V	VI
			23 дейін	24- 31	32- 39	40- 49	50- 59	60 жас және одан жоғары
1.	Белтемірге тартылу (рет саны)	өте жақсы	17	16	12	10	7	5
		жақсы	14	12	10	7	5	3
		қанағаттанарлық	12	10	8	5	3	2
2.	Белтемірдегі күштік жаттығулар кешені (қайталау саны)	өте жақсы	5	4	3			
		жақсы	4	3	2	-	-	-
		қанағаттанарлық	3	2	1			
3.	100 метрге жүгіру (секунд)	өте жақсы	13,0	13,5	13,8	-	-	-
		жақсы	13,5	14,0	14,3	-	-	-
		қанағаттанарлық	14,0	14,3	14,6	-	-	-
4.	60 метрге жүгіру (секунд)	өте жақсы	-	-	-	12,2	-	-
		жақсы	-	-	-	13,5	-	-
		қанағаттанарлық	-	-	-	13,8	-	-
5.	50 метрге жүзу (секунд)	өте жақсы	40,0	43,0	43,0	45,0	50,0	25,0
		жақсы	45,0	48,0	48,0	50,0	60,0	30,0
		қанағаттанарлық	50,0	53,0	53,0	55,0	65,0	35,0 (25 метр)
6.	1000 метрге жүгіру (минут секунд)	өте жақсы	3,10	4,00	4,30	4,35	4,40	5,10
		жақсы	3,20	4,30	5,00	5,10	5,15	5,30
		қанағаттанарлық	3,35	4,45	5,20	5,30	5,40	5,50

әйелдерге арналған

№	Жаттығудың атауы	Бағалау	Медициналық-жас топтары					
			I	II	III	IV	V	VI
			23 дейін	24- 31	32- 39	40- 49	50- 59	60 жас және одан жоғары
1.	Арқада жатып денені көтеру (минутына рет саны)	өте жақсы	50	45	40	35	35	25
		жақсы	45	40	35	30	30	20
		қанағаттанарлық	40	35	30	25	25	15
2.	100 метрге жүгіру (секунд)	өте жақсы	15,5	16,0	16,3	-	-	-
		жақсы	16,0	16,5	16,8	-	-	-
		қанағаттанарлық	16,5	16,8	17,1	-	-	-
3.	60 метрге жүгіру (секунд)	өте жақсы	-	-	-	13,0	-	-
		жақсы	-	-	-	14,4	-	-
		қанағаттанарлық	-	-	-	14,8	-	-
4.	50 метрге жүзу (секунд)	өте жақсы						0,30
		жақсы						0,40
		қанағаттанарлық						

	өте жақсы	0,50	0,52	0,52	0,55	1,05	0,50	
	жақсы	1,00	1,05	1,05	1,10	1,30	(25 метр)	
	қанағаттанарлық	1,10	1,15	1,15	1,20	1,45		
5.	1000 метрге жүгіру (минут секунд)	өте жақсы	4,20	4,45	5,00	5,00	5,10	2,30
		жақсы	4,30	5,00	5,30	5,40	5,45	2,45
		қанағаттанарлық	4,40	5,30	5,45	5,50	6,00	3,00
								(500 метр)

Ескертпе:

Ерлерге арналған кешенді күштік жаттығулар айналып көтерілуден, белтемірге күшпен шығудан, іш тығыршығынан (белтемірге аяқпен түрту) тұрады.

Әр элементті орындағаннан кейін-бастапқы қалпына келу.

Олар белтемірге тиген кезде аяқты бүгуге рұқсат етіледі:

- 1) белтемірге екі қолда ілініп тұру бастапқы қалыпқа келу деп саналады;
- 2) бастапқы қалыпқа түсу белтемірге көтерілу жағынан жүзеге асырылады;
- 3) Кешенді күштік жаттығуларды орындау процесінде қатысушыларға белтемірде демалуға рұқсат етіледі (5 секундтан артық емес).

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
2021 жылғы 21 маусымдағы
№ 297 бұйрығына
2-қосымша
Құтқарушыларды аттестаттау
және қайта аттестаттау
қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Құтқарушы жетоны

Құтқарушының жетоны тот баспайтын құрыштан жасалған, тік бұрышты жолақ, жандары дөңгелектенген және өлшемдері: ось сызығы бойынша ұзындығы - 50 миллиметр, ені - 25 миллиметр, қалыңдығы - 1,5 миллиметр. Карабині бар металл шынжырдағы жетонды денеге, кеудеге немесе қолға білезік ретінде тағу үшін ось сызығы бойынша жанында диаметрі 3 миллиметр екі тесік бар. Шынжыр ұзындығы - 700 миллиметр, баудың және карабиннің материалы-тот баспайтын құрыш.

Жетонның беткі жағында жазу ойылып жасалған:

- 1-жол – "Қазақстан";
- 2-жол – "Құтқарушы";
- 3-жол құтқарушының тегі;
- 4-жол – құтқарушының аты және әкесінің аты (ол болған кезде);
- 5-жол – құтқарушының қан тобы;
- 6-жол – құтқарушының тіркеу нөмірі.

**«Қазақстан»
«Құтқарушы»**

- **Құтқарушының тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде)
Құтқарушының қан тобы
Құтқарушының тіркеу нөмірі**